



Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті
Экономика факультеті
ФК-21 тобының студенті
ТЕМІРБЕКОВ Б.А

**ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ - ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ:
КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН**






«Ұлттық валюта ретіндегі теңге, біздің еліміздің тарихында өзінің рөлін тәуелсіздіктің экономикалық негізі ретінде ғана атқарған жоқ. Кейбір жағынан алғанда теңге – бұл тарихымыздың өзінің толымды бір бөлігі, өз заманының нысаны»

Н.Ә. Назарбаев



A pair of black-rimmed glasses is positioned over a financial document. The document features several line graphs with fluctuating lines, representing market data. Text on the document includes "Eurodollar Futures", "SFE 90 Day Bank", "SFE 30 Day", and "CME E-mini". The background is a warm, orange-toned gradient.

Осы заманғы адамның өмір сүруі мен әрекет етуінің ажырамас құралдарының бірі – ақша. Ауа мен су қаншалықты қажет болса, ақша да адамға соншалықты қажет. Алдыңғылардың бәрі – Құдайдың берген несібесі болса, ақшаны адам қолдан жасайды, бірақ маңызы олардан бір де кем емес. Өйткені, ақша – тамақ, ақша – киім, ақша – денсаулық, ақша – білім... Бәр-бәрі ақша.

1993 жылдың 15-ші қарашасы – айтулы күн



Осыдан 23 жыл бұрын, яғни 1993 жылы 15-ші қарашада Елбасының жарлығымен төл валютамыз айналымға шықты.

Әлемдік тәжірибеде әрбір мемлекеттің жеке ақшасы болады. Еліміз тәуелсіздік ала сала, қаржылық операцияларды ұлттық валютамен жүргізуге ұмтылды. Бұл шаруаға жүйелі түрде дайындалды.



ХАЙРОЛЛА МАҒАУИЯҰЛЫ ҒАБЖАЛИЛОВ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ - ТЕҢГЕНІҢ АВТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ



«Теңгенің ең бірінші рет түрлі-түрлі варианттары, суреттері салынды. Суреттің неше түрі салынды. Табиғат, ескі баяғы архитектура, Маңғыстаудағы, Ақтаудағы жаңа архитектуралар. Ең соңында портреке келіп тоқтадық. Сонда комиссия бар Жоғарғы советтен Елбасы бар, 6 портретті қарады. Мінекей, әл-Фараби, Сүйінбай, Шоқан, Абай, Әбілқайыр мен Абылай хан. Осы портретке тоқтады. Осы портретті сызып, Елбасы құптап, банк – бәрі көріп болған соң, біздер шетелге кеттік.»

Кейін Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы, Өскеменде Монета сарайы ашылды. Уақыт талабына сай теңгенің дизайны өзгерді. Бүгінде купюраларымыздың қорғаныштық қасиеті дамыған елдер валютасымен бәсекелесе алады.



1993 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 100 теңгелік БАНКНОТ.



Көлемі 144x69 мм

Банкноттың бет жағында күлгін түс басым.

Сол жағындағы төменгі бұрышына және оң жағына жоғарыға банкноттың номиналы "100" саны жазылған. Банкноттың оң жағына Абылай ханның портреті және тігінен оның аты мен өмір сүрген жылдары орналастырылған. Портреттің төменгі сол жағы ою-өрнекпен өрнектелген. Банкноттың сол жағында Абылай ханның портреті сутамғы белгімен салынған. Сол жағына жоғарыға ою-өрнек әшекейі салынған.

Банкноттың сырт жағында қызғылт түс басым. Банкноттың орта тұсында Қожа Ахмет Ясауидің кесенсі.

1993 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 200 теңгелік БАНКНОТ

Көлемі 144x69 мм



Банкноттың бет жағында қызыл-қоңыр түс басым. Сол жағындағы төменгі бұрышына "200" саны бар. Банкноттың ортасына 200 номиналы жазумен және санмен жазылған, оның астына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қолы қойылып, шығарылған жылы жазылған. Банкноттың оң жағына Әл-Фарабидің портреті бейнеленіп, портреттің төменгі жағына астына қоңыр бояумен оның аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Сырт жағында Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі.

1994 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 500 теңгелік БАНКНОТ

Көлемі 144x69 мм.



Банкноттың орта тұсына басым түсі қызыл болып келетін номиналы жазылған. Номиналдың астына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қолы қойылып, купюраның шығарылған жылы жазылған.

Оң жағына Шығыстың ұлы ойшылы Әль-Фарабидің портреті бейнеленіп, портреттің төменгі жағына астына аты және өмір сүрген жылдары жазылған. Портреттің оң жақ бұрышында ою-өрнекпен өрнектелген.

Банкноттың орталық бөлігінің сол жағындағы жоғарғы және төменгі бөліктері қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген Әль-Фарабидің тура қарап отырған суретінің су тамғы белгілері бар, Әль-Фарабидің су тамғы портретінің оң жағында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Нөмір екі рет қайталанады: оң жақ шетінде тігінен және елтаңбаның үстіне көлденеңінен жазылған.

1994 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 1000 теңгелік БАНКНОТ



Көлемі 144x69 мм.

Банкноттың ортасына номиналы басым қызыл түспен жазылып, санмен көрсетілген. Ақша номиналының астына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының қолы қойылып, купюраның шығарылған жылы жазылған.

өрнектелген. Банкноттың орталық бөлігіне сол жақ тұсына Әль-Фарабидің қарсы алдынан салынған суретінің сутамғы белгісі бар, жоғарғы және төменгі бөліктері қазақ оюының бітпес өрнегімен көмкерілген, Әль-Фарабидің су тамғылы портретінің сол жағында Нөмірі екі рет қайталаанады: оң жақ жиегіне тігінен және елтаңбаның үстіне көлденеңінен жазылған. Нөмірі жеті саннан және сериясын білдіретін екі әріптік

1996 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 2000 теңгелік БАНКНОТ.



Көлемі 144 x 69 мм. Басым түстері - жасыл және көкшіл.

Бет жағы: негізгі бейне - философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870 -950 ж.ж.) қырынан салынған портреті. Сол жағына "Қазақстан Ұлттық Банкі" деп жазылған. Портреттің сол жағына сұтамғы белгімен Әль-Фарабидің қырынан қарағандағы бейнесі және сұтамғы белгімен Барыс бейнеленген. Портреттің оң жағына реттік нөмірі тік сызықтың бойымен қызыл бояумен салынған.

1998 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 5000 теңгелік БАНКНОТ



Көлемі 149 x 74 мм.

Бет жағы: басым түстері - қоңыр және күлгін. Банкноттың ортасына философ, ойшыл, ғалым Әл-Фарабидің (870 -950 ж.ж.) қырынан салынған портреті бейнеленген. Сол жағына қызыл-қоңыр түспен жазылған "Қазақстан Ұлттық Банкі" деген жазу бар. Портреттің сол жағына Әл-Фарабидің бір қырынан қарағандағы бейнесі және барыстың суреті салынған. Портреттің жоғарғы сол жағына "Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады" деген жазу және Қазақстан Республикасының елтаңбасы бар, сондай-ақ Ұлттық Банк Төрағасының қолы қойылып, 1998 - шығарылған жылы жазылған.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 200,
500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік
банкноттардың сипаттамалары.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 200 теңгелік **БАНКНОТАНЫҢ** **СИПАТТАМАСЫ.**

Банкнота өлшемі 126x64 мм қағазда дайындалған.



Бет жағы: басым түсі сарғыш-жасыл, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында көк, қоңыр және жасыл жолақтарда Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 500 теңгелік БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Банкнота өлшемі 130x67 қағазда дайындалған.



Бет жағы: басым түсі көкшіл-сұр, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында кара, көгілдір және көк жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы көк түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ номиналы 1000 теңгелік БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Банкнота өлшемі 134x70 қағазда дайындалған.

Бет жағы: басым түсі сарғыш-қоңыр, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында ашық және қою қоңыр жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы қоңыр түспен бейнеленген. Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 2000 теңгелік БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Банкнота өлшемі 139x73 қағазда дайындалған.

Бет жағы: басым түсі қою және ақшыл жасыл, басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында қою жасыл және көк жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлікте Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкнотаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Банкнота өлшемі 144x76 қағазда дайындалған.

Бет жағы: басым түсі күрең қоңыр-қызыл, басым бейне – тігінен. Орталық бөлігінде "Астана-Бәйтерек" монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында күрең-қызыл және қара сұр жолақтарда ақ түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны нотасының фрагменттері бейнеленген, онда номиналдың сандық белгілерінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. "Бәйтерек" монументінің сол жағында қоңыр түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген.

2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Банкнота өлшемі 149x79 мм қағазда дайындалған.

Бет жағы: басым түсі күлгін-көк, басым бейне – тігінен. Орталық бөлігінде "Астана-Бәйтерек" монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында қою жасыл және қара көк жолақтарда ақ түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны нотасының фрагменттері бейнеленген, онда номиналдың сандық белгілерінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. "Бәйтерек" монументінің сол жағында күлгін көк түспен Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген.

Қазақстан Республикасының ескерткіш банкноталары

2010 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2010 жылғы 5 қантарда айналысқа жіберілді.

Таралымы: 10 000 000 дана

Өлшемі: 134x70 мм

Басым түсі: көкшіл жасыл

Сол жақ жоғары бұрышында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы, оң жақ төменгі бұрышта ұлттық стильмен безендірілген ұшып бара жатқан құстың суреті бар. Банкнотаның орта бөлігінде қызыл-көк түспен номиналдың сандық және мәтіндік белгіленуі мемлекеттік тілде берілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫНА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІНЕ АРНАЛҒАН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ 1000 теңгелік ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2011 жылғы 25 мамырда айналысқа жіберілді.

Таралымы: 10 000 000 дана

Өлшемі: 134x70 мм

Басым түсі: ашық жасыл



Суреттер негізінен тігінен орналасқан. Негізгі бейне банкнотаның орталық бөлігінде орналасқан: Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің күмбезі. Оң жақта Ислам Конференциясы Ұйымының ресми логотипі орналасқан. Төменгі бөлікте банкнота номиналының цифрлық белгіленуі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген

2013 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ «КҮЛТЕГІН» ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНЕ АРНАЛҒАН НОМИНАЛЫ 1000 теңгелік ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2013 жылғы 12 желтоқсан айналысқа жіберілді.

Таралымы: 10 000 000 дана

Өлшемі: 134x70 мм

Басым түс: сарғыш қоңыр.



ЖЕТИНШІ ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН 2011 ЖЫЛҒЫ НОМИНАЛЫ 2000 теңгелік ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2011 жылғы 17 қантарда айналысқа жіберілді.

Таралымы: 20 000 000 дана

Өлшемі: 139x73 мм

Басым бейнесі – тігінен. Орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Банкнотаның ортасында қою жасыл және көк жолақтарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменттері ақ түспен бейнеленген, осы жерге номиналдың сандық белгісінің контуры ақ сызықтармен жүргізілген. «Бәйтерек» монументінің сол жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы алтын түспен бейнеленген. Жоғарғы оң жақ бөлікте Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ ЕСКЕРТКІШ БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2011 жылғы 04 шілдеде айналысқа жіберілді.

Таралымы: 30 000 000 дана

Өлшемі: 149x79 мм

Басым түсі: күлгін көк



Суреттер негізінен тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкнотаның оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлігінде ортада ұшып жүрген кептердің бейнесі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада – номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған.

Дизайны өзгертілген жаңа банкноталар

2014 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІНІҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН ДИЗАЙНЫМЕН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ 1000 теңгелік БАНКНОТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2014 жылғы 01 желтоқсан айналысқа жіберілді.

Өлшемі: 134x70 мм

Басым түс: сарғыш қоңыр.

Бет жағы: басым бейнелер тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкноттың оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі жағында ортада ұшып жүрген көгершіндердің бейнесі. Жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту бейнеленген. Сол жағында төменгі және жоғарғы бөлігінде номиналдың цифрлық белгісі, сол жақта ортада номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгісі басылған.



ДИЗАЙНЫ ӨЗГЕРГЕН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ 2 000 теңгелік БАНКНОТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2013 жылғы 29 наурызда айналысқа жіберілді.

Өлшемі: 139x73 мм

Басым түстері қою және ашық жасыл, суреттер негізінен тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкноттың оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлігінде ортада ұшып жүрген кептердің бейнесі. Банкноттың төменгі бөлігінде түс ауыстыру бояумен орындалған киіктің бейнесі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту бейнеленген.

2011 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІНІҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН ДИЗАЙНЫМЕН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ 5000 теңгелік БАНКНОТТЫҢ СИПАТТАМАСЫ



2011 жылғы 30 желтоқсанда айналысқа жіберілді.

Өлшемі: 144x76 мм

Басым түсі: қызыл

Суреттер негізінен тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкноттың оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлігінде ортада ұшып жүрген кептерлердің бейнесі, барыстардың суреті. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада – номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған.

2012 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІНІҢ ӨЗГЕРТІЛГЕН ДИЗАЙНЫМЕН НОМИНАЛДЫҚ ҚҰНЫ

10 000 теңгелік БАНКНОТАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Өлшемі: 149x79 мм

Басым түсі: күлгін көк



Бет жағында: суреттер негізінен тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкнотаның оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлігінде ортада ұшып жүрген кептердің бейнесі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада – номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған.

ҚҰНЫ 20 000 теңгелік БАНКНОТ

Мөлшері: 155 x 79 мм

Басым түсі: көк-сұр



Бет жағы: басым бейнелері тігінен. Негізгі бейнелер: «Қазақ Елі» монументі, пырақ және «Мәңгілік ел» салтанатты аркасы бейнеленген. Банкноттың жоғарғы сол жағында пырақ бейнеленген, ол түркітілдес және көшпенді халықтарды қоса алғанда көптеген мәдениетте таза нұр мен өмірдің, шабыт пен жемісті еңбектің, мақсатқа ұмтылушылық пен биліктің нышаны ретінде қабылданады. Банкноттың төменгі жағында ортада Мәңгілік ел салтанатты аркасы – еркін елдің мәңгілік идеясы, жалпыға ортақ Қазақстан үйінің ұлттық идеясы сәулет құрылысы тұрғысынан бейнеленген.



Бүгінде төл теңгеміз тәуелсіз елмен бірге жасап келеді. Жыл өткен сайын тамырын тереңге жіберіп, орнығу үстінде. Әлемдік қаржы жүйесінен лайықты орнын тапты . Теңге – дербестік тірегі, экономикалық дербестіктің кепілі. Теңге өзінің тарихи функциясын толығымен орындап шықты, әлі де өзінің құндылығын дәлелдей бермек.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!